

**"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің мәселелері"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы № 280  
Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 9 тамыздағы № 608 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 29 тамыздағы № 900 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.08.2014 № 900 Жарлығымен.**

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында жариялануға тиіс

**Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :**

1. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің мәселелері» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы № 280 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 54, 532-құжат; 2002 ж., № 18, 196-құжат; 2003 ж., № 9, 92-құжат; № 15, 149-құжат; 2005 ж., № 27, 329-құжат; № 37, 508-құжат; 2009 ж., № 56, 468-құжат; 2012 ж., № 58, 793-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, мемлекеттік қызмет саласында басшылықты, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып т а б ы л а д ы . » ;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің миссиясы: мемлекеттік қызмет саласында және өз құзыреті шеңберінде мемлекеттік қызмет көрсету саласында біртұтас мемлекеттік саясатты іске асыру. » ;

15-тармақ мынадай мазмұндағы 18-1), 18-2), 18-3), 18-4) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«18-1) мемлекеттік органдардан мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын ішкі бақылау нәтижелері туралы ақпаратты сұрату;

18-2) мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру мен іске асыру;

18-3) жеке тұлғалармен, коммерциялық емес ұйымдармен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі қоғамдық кеңестер құрау;

18-4) жеке тұлғалар мен коммерциялық емес ұйымдарға мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу бойынша ақпараттық, кеңестік, әдістемелік көмек көрсету;».

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Президенті* *Н.Назарбаев*